

## **Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы ( 2005 жылғы 1 наурызға)**

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды, олардың республика аймақтарында 73 филиалы мен 75 өкілдігі бар.

10 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 3 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: «МЖЗҚ» АҚ, «Қазақстан Халық Банкінің ЖЗҚ» АҚ және “БТА Құрмет-Қазақстан ЖЗҚ” АҚ-ы.

Есепті күнде 9 екінші деңгейдегі банк және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асыруда. Сонымен бірге, 7 екінші деңгейдегі банк ЖЗҚ-на кастодиандық қызмет көрсетеді: «Казкоммерцбанк» АҚ, «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «ТЕМІРБАНК» АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, «АСҚ Банкі» АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

### **Қорлардың салымшылары (алушылары)**

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны ағымдағы жылдың ақпанында 89 161 (1,27%) өсіп, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 7 104 663 адам болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны: “МЖЗҚ” – 34,47% “Қазақстан Халық Банкі” – 17,72%, “ҰларҮміт” – 14,70%, “БТА Құрмет-Қазақстан” – 7,76%, және “Валют-Транзит-қор”- 7,70% немесе бес қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 82,35 % келеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылдың ақпан айында 93-ге ұлғайып, 2005 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы теңгемен 0,39 млрд. теңгені құрап 30 327 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары “МЖЗҚ” АҚ-нан басқасының бәрінде болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: “Сенім” – 64,06%, “ҰларҮміт”- 19,49% және “Капитал” – 9,78% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылардың шоттарының жалпы санының 93,33% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары “ҰларҮміт” қорында ғана болды – 2 956 салымшысының дербес зейнетақы шотында 6,8 млн.теңге болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшыларының шоттарының саны 62-ге ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.03.04	01.03.05	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
Міндетті зейнетақы жарналары бойынша	6 289 432	7 104 633	815 201	12,96
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	27 970	30 327	2 357	8,42
Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	-	2 956	2 956	

### Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты


Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылдың ақпан айында 9 682 млн.теңгеге (1,95%-ке) көбейіп, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 505 019 млн. теңге болды. Жинақталған зейнетақы қаражаты өсімінің қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.03.02	193 880	72 466	59,68
01.03.03	281 104	87 224	44,98
01.03.04	378 860	97 756	34,77
01.03.05	505 019	126 159	33,29

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Сөйтіп 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 2004 жылғы 1 наурызбен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 1,48 проценттік тармаққа азайып 33,29% болды .

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мыналар ие: "Қазақстан Халық банкі" – 126 646 млн. теңге немесе 25,08%, "МЖЗҚ" – 108 283 млн. теңге немесе 21,44%, "ҰларҮміт" – 90 449 млн. теңге немесе 17,91% және "АБН АМРО КаспийМұнайГаз" – 36 903 млн. теңге немесе 7,31% және "БТА Құрмет-Қазақстан" – 36 643 млн.теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 7,26%, осы 5 қор жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 79% келетіндігін атап өткен жөн.

## 2005 жылдың 1 наурызға жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен, салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген **таза инвестициялық кіріс** сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) ағымдағы жылдың ақпан айында 556 млн. теңгеге (0,45% -ке) өсіп, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 121 752 млн.теңге болды.

Мынаны ескеру қажет, ағымдағы жылдың қаңтар аймен салыстырғанда ақпан айында 5 946 млн. теңгеге (11,7 есеге) таза инвестициялық кірістің төмендегені байқалды.

Таза инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)	(млн. теңге)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.03.2002	53 471	18 365	52,23	27,57
01.03.2003	78 902	25 431	47,56	28,06
01.03.2004	97 984	19 082	24,18	25,86
01.03.2005	121 752	23 768	24,25	24,10

Көрсетілген кестеде инвестициялық кірістің көлемінің ұлғаюы және өсу қарқыны байқалады. Сөйтіп, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша таза

инвестициялық кірістің өсім қарқыны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 23 768 млн. теңгені құрады немесе 24,25%-ке өсті.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы таза инвестициялық кірістің үлесі 2004 жылғы 1 наурыздағы 25,86% кезде 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 24,10% болды немесе 1,73% проценттік тармаққа төмендеді, есепті айда үлес 0,36 проценттік тармаққа төмендеді.

Ағымдағы жылдың ақпан айында жалпы **зейнетақы жарналарының** түсуі 9 830 млн. теңгеге өсіп, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 395 622 млн. теңге немесе өсім 2,54% болды.



2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімпұл сомасы** 2 745 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шотына 114 млн.теңге өсімпұл аударылды немесе өсім 4,33% болды.

**Зейнетақы төлемдері** ағымдағы жылдың ақпан айында 766 млн.теңгеге (2,8%) өсіп, 2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 28 060 млн. теңге болды. Өткен есепті аймен салыстырғанда зейнетақы төлемдер 228 млн.теңгеге немесе 22,94%-ке төмендеді.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде 2005 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражаты 80 473 млн. теңге болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында жинақталған зейнетақы қаражатын аудару 811 млн.теңгені құрады немесе өткен есепті аймен салыстырғанда 285 млн. теңгеге өсті.(1,5 есеге).

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың мейлінше көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 55,50%, «ҰларҮміт» - 11,90% және «Қазақстан Халық Банкі» - 9,32% немесе осы үш қордың аударымдардың жалпы сомасының 76,72% келеді.


Мынаны ескеру қажет, мынадай қорлардың жинақталған зейнетақы қаражаты бір проценттен төмен болды: "Капитал" – 0,40%, "Д.А. Конаев атындағы" – 0,58%, "Отан" – 0,63% және "Қазақмыс" – 0,80%.

### **Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы**

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемі 505 497 млн. теңгені құрап, 2005 жылдың ақпан айында 8 069 млн. теңгеге ұлғайды немесе 1,62%-ке өсті.

2004 жылғы 1 наурызынан бастап 2005 жылғы 1 наурыз аралығында зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 10,51 млрд. теңге болды.

### **Инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы**



**Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу**

ЗАИБЖАҰ	Зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%
ЖЗҚ		
1	2	3
<b>"ABN AMRO Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>42 784</b>	<b>8,47</b>
"АБН АМРО - КаспийМұнайГаз" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	36 934	7,31
"Капитал" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	5 850	1,16
<b>"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>43 838</b>	<b>8,67</b>
"Д.А. Қонаев атындағы ашық үлгідегі мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	1 442	0,29
"Нефтегаз - ДЕМ" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	13 089	2,59
"СЕНІМ" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 812	4,31
"Қорғау" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	7 495	1,48
<b>"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>9 253</b>	<b>1,83</b>
"Отан" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	9 253	1,83
<b>"АЛЬФА-ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>13 518</b>	<b>2,67</b>
"Қазақмыс" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	13 518	2,67
<b>"ЖЕТІСУ" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>90 496</b>	<b>17,90</b>
"ҰларҮміт" Жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ	90 496	17,90
<b>"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ</b>	<b>21 964</b>	<b>4,35</b>
"Валют-Транзит Фонд" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	21 964	4,35
<b>"НҰРТРАСТ" ЗАБК" ЖАҚ</b>	<b>11 835</b>	<b>2,34</b>
"Халық зейнетақы қоры" Ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 835	2,34

<b>"Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>108 396</b>	<b>21,44</b>
<b>"БТА Құрмет-Қазақстан" Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ</b>	<b>36 703</b>	<b>7,26</b>
<b>АО "Қазақстанның халық банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ"</b>	<b>126 710</b>	<b>25,07</b>
<b>Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ</b>	<b>505 497</b>	<b>100</b>

2005 жылғы 1 наурызда инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 496 569 млн. теңгені құрады да, 2005 жылғы ақпан айында 4 116 млн. теңгеге ұлғайып, 0,84% -ке өсті.

### **ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі**

<b>Қаржы құралдары</b>	<b>млн. теңге</b>	<b>%</b>
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>254 857</b>	<b>51,33</b>
ҚР еврооблигациялары	2 516	0,51
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	108 740	21,90
Ұлттық Банктің ноттары	143 435	28,89
Жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	166	0,03
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	<b>57 109</b>	<b>11,50</b>
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>3 460</b>	<b>0,70</b>
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары</b>	<b>2 337</b>	<b>0,47</b>
<b>Шетелдік инвестициялық қорлардың паилары</b>	<b>128</b>	<b>0,03</b>
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>169 510</b>	<b>34,13</b>
акциялар	30 956	6,23
облигациялар, оның ішінде	138 554	27,90
АҚШ долларына деноминирленген	130 204	26,22
теңгеге номинирленген	8 350	1,68

<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>9 168</b>	<b>1,84</b>
акциялар	7 207	1,45
облигациялар	1 961	0,39
<b>жиынтық</b>	<b>496 569</b>	<b>100,00</b>

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі ЖЗҚ-ның инвестициялық портфельдерінде елеулі бөлігін алып отыр және 254 857 млн. теңгені құрады немесе 51,33% болды. 2005 жылғы 1 ақпанмен салыстырғанда МБҚ көлемі 968 млн. теңгеге немесе 0,38%-ке азайды. 2005 жылы ақпан айында Қазақстан Республикасының эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемі 2 859 млн. теңгеге немесе 1,7%-ке көбейді. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі есепті кезең ішінде 6,92%-ке өсіп, 57 109 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада салатынын атап өткен жөн.

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,70% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2005 жылы ақпан айында 44,67%-ке көбейіп, 2 337 млн. теңге болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 1,84% болды.

#### **2004 жылғы ақпан – 2005 жылғы ақпан аралығындағы қорлардың нақты және номиналды кірісінің коэффициенттері туралы 2005 жылғы 1 наурызға мәліметтер**

2004 жылғы ақпандағы – 2005 жылғы ақпандағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті есепті айда 0,52 процентті тармаққа көбейіп 5,52% болды, сонымен бірге нақты кірістің орташа алынған коэффициенті (-1,29%) болды.

Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректері бойынша 2004 жылғы ақпан – 2005 жылғы ақпан аралығындағы кезеңдегі құнсыздану деңгейі 106,9% болды.

ЖЗҚ бөлігінде номиналды және нақты кіріс коэффициенттерінің мағыналары туралы ақпарат [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz). Web-сайтында орналастырылған.

#### **Қорлардың қаржы жағдайы**

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2005 жылы 1 наурыздағы жағдай бойынша 8 967,0 млн. теңгеге болып, соның ішінде жиынтықты



төленген жарғылық капитал 6115,5 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 68,2% болды.

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша қорлар резервтік капиталды жалпы сомасы 1 424,0 млн. теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 15,9% болды.

Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында барлық қорлар, “Капитал” қорын қоспағанда, жалпы сомасы 845,4 млн. теңге болатын кіріс алды. Кірістің ең көп сомасын “Қазақстан Халық Банкі”-39,4% және “МЗЖҚ” –20,2% және “Құрмет-Қазақстан БТА” – 9,5% қорлары алды немесе осы үш қор барлық қорлардың жалпы кірісінің 69,1% болды.

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 282,6 млн. теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 3,2% болды.

2005 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша меншікті активтері есебінен **қорлардың қаржы инвестициялары** 6 804,3 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 75,9% болды. Ағымдағы жылдың ақпан айында қаржы инвестицияларының көлемі 641,3 млн.теңгеге немесе 10,4% ұлғайды.

Қорлар меншік активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (ҚРҰБ ноттары, Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары) - 3 373,5 млн. теңгеге (өткен есепті күнімен салыстырғанда 381,8 млн.теңгеге немесе 12,8% өсуі), мемлекеттік емес бағалы қағаздарына (акциялар және облигациялар) - 1 956,0 млн. теңгеге (119,5 млн.теңгеге немесе 6,5% өсуі), “Кері РЕПО” операциясына – 149,9 млн. теңгеге (33,1 млн.теңгеге немесе 18,1%-ке) екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 1 324,9 млн. теңге орналастырды (173,1 млн.теңгеге немесе 15,0% өсуі).

Қаржы инвестицияларының құрылымы мынадай: Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары – 49,6%, мемлекеттік емес бағалы қағаздары – 28,7%, екінші деңгейдегі банктердің салымдары – 19,5% және “Кері РЕПО” операциясы – 2,2%.

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің деректері бойынша.*